

КӘСІПТІК БІЛІМДЕГІ ДУАЛЬДІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елімізде білім беруді дамытуға айырықша көңіл бөлініп, бұл саланы жаңғыртуда үлкен жұмыстар тындырылып жатыр. Бүгінде білімнің сапасын арттыруға ерекше мән беріліп отырғанын айту керек. Бұл ретте кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің білім деңгейін көтерудің маңызы айырықша. Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің білім сапасын барынша арттырып, оның қолжетімділігін кеңейту көзделіп отыр. Елбасының халыққа арнаған Жолдауында осындай міндеттер қойылған.

Дуальдік оқыту жүйесінде кәсіптік білім беру – өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және тәжірибелік дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады. Дуальдік оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінде мысалы, Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты елдерінде жоғары нәтиже беріп жүргізіліп келеді. Яғни, білім алушыны жан-жақты дайындау. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешу, жас білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыру. Сондықтан, дуальдік оқыту жүйесі өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды даярлау мәселесін толық қанағаттандыратын негізгі жүйенің бірі болып табылады. Сондай-ақ, дуальдік оқыту жүйесі арқылы, білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді.

Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі осы үдерісті қолға алған білім ордаларының бірі. Колледж 2013-2014 оқу жылында дуальдік оқыту жүйесіне көшу.

Жүйенің табысты жүзеге асуы білім беру сапасын жақсартуды талап ету ұстанымын ұстанған – облыстық білім басқармасының да басты назарында. Өйткені кәсіби білім беруді дамыту мақсатында биылғы оқу жылында алты колледжде сынақ ретінде дуальдік оқыту жүйесі енгізілді.

Дуальдік оқыту жүйесі бойынша типтік оқыту бағдарламалары мен жоспарларында білім алу уақытын тәжірибемен ұштастыруға көбірек назар аударылған. Сондай-ақ, білім беру мекемелері жұмыс берушілердің өтініші бойынша жаңа мамандықтар мен пәндерді өз еріктерімен қоса алады.

Осылайша, өндіріс орындары техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерімен біріге отырып, өздерінің талаптары бойынша білім алып шыққан дайын кадрларды бірден жұмысқа алатын болады.

Жаңадан енгізілген жүйеге байланысты білім министрлігі, облыстық білім басқармасы мен оқу-әдістемелік орталықтарының арнайы сайттары ашылып, педагогтарға виртуалдық режимде қашықтықтан оқыту



курстары, виртуалды тренингтер ұйымдастырылып, көптеген колледж оқытушылары осы мүмкіндікті тиімді пайдалануда.

Колледжіміздің өзінде 15-тен астам оқытушылар Сингапур, Германия, Канада сияқты мемлекеттермен тәжірибе алмасып, дуальдік жүйеде мамандарды оқыту саласына өз үлестерін қосуда. Қазіргі таңда колледжде жоғарыда аталған үш мамандық бойынша 2013-2014 оқу жылынан басталған дуальдік оқыту әдісі сара жолға түсіп, алғашқы жеңісін беруде.

Дуальдік оқытудың негізгі артықшылықтарына ең алдымен түлектерді жұмыспен қамтамасыз етудегі жоғары көрсеткіші екендігін атап өтуге болады. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын болғандықтан түлектер де еңбек нарығында сұранысқа ие. Дуальдік оқытудың қатысушысы шағын компаниялар да болуы мүмкін. Сондай-ақ

түлектерде болашақ маманның психологиясы қалыптасады.

Осындай игі істердің бастамасы ретінде қазіргі кезде қаламыздың бес-тен астам техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінде, ал жалпы алғанда, еліміздің 100-ден астам колледждерінде ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химия және кен өндірісі салаларындағы кадрларды дуальдік білім беру жүйесімен дайындау элементтері енгізілуде.

Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің «Жыл-жымалы құрам» мамандығы бойынша «Ақтөбе локомотивті-жөндеу депосы» ЖШС «Қамқор локомотив», «Автоматика, телемеханика» мамандығы бойынша АО «КТЖ» филиалы «Ақтөбе байланыс және сигналдар дистанциясы», «Қозғалысты ұйымдастыру және басқару» мамандығы бойынша АО «КТЖ» филиалы «Ақтөбе жол бөлімшесі» әлеуметтік серіктес кәсіпорындары білікті кадрлар дайындап шығаруда өз үлестерін қосып келеді.

Сонымен қатар, Хромтау тау – кен техникалық колледжінің бүгінгі күні негізгі әлеуметтік серіктесі «Қазхром ТҰК» АҚ филиалы Дөң тау – кен байыту комбинаты болып табылады. 30 жылдан бері колледж бен Дөң ТКБК арасындағы өзара қатынас бірізді жолға қойылған. Осы жылдар бойы оқу орны Дөң ТКБК түрлі мамандықтар бойынша төрт мыңнан аса мамандар даярлады.

Еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және колледж болашағы мәселелерін шешу мақсатында мұнда әлеуметтік серіктестік Кеңесі құрылды. Негізгі



әлеуметтік серіктес Дөң тау-кен байыту комбинатының көмегімен колледждің материалды – техникалық базасы толықты, ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, соңғы стандарттарға сай типтік үлгіде жаңартылды, оқу кабинеттері интерактивті тақталармен, өндірістік оқыту сабақтарына қажетті шахта полигоны, пайдалы қазбаларды байыту құрылғылары, тау-кен электромеханика жабдықтарымен жабдықталды. Сонымен қатар Дөң тау-кен байыту комбинатының қолдауымен үшжақты келісім-шарт негізінде колледж студенттері Г. И. Носов атындағы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті мен Қ.И.Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетінің профессорларынан дәріс алуда. Жоғары оқу орындарымен байланыс жасау мәселесі білім алушылардың білім сапасын арттыруда оңтайлы нәтижесін беруде.

Хромтау өңірі жер асты қазба байлықтарына мол өлкелердің бірі.

Ауданымызда тарихы тереңнен бастау алған ірі өндіріс орны Дөң тау – кен байыту комбинаты аудан тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етіп, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал еткен өнеркәсіп десе болады. Сонымен қатар аталмыш өндіріс ошағы еліміздің экономикалық әлеуетінің күшеюіне зор үлес қосып келеді.

Дуальдік жүйе бойынша білім алушылардың кәсіби білік пен дағдыларды, іскерлікті тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

Меруерт ЖҰБАНДЫҚОВА
техникалық және кәсіптік
білім және кәсіби бағдар беру
бөлімінің меңгерушісі, «Психология»
мамандығы бойынша әлеуметтік
ғылымдар магистрі



АННОТАЦИЯ

Заведующая отделом научно-практического центра Актюбинской области М. Жубандыкова посвящает свою статью дуальному обучению в профессионально-технических учебных заведениях области. В статье рассказывается о проделанной работе по трудоустройству и обучению студентов колледжей транспорта, коммуникаций и новых технологий Актюбинска и технического колледжа горного дела города Хромтау.